

## Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 677 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 22 қарашадағы  
N 827 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 22.11.2021 № 827 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексiне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 21 маусымдағы  
N 677 қаулысымен  
бекітілген

## Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексiне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) орта мерзімді фискалдық саясатын әзірлеу тәртібін айқындайды.

2. Орта мерзімді фискалдық саясат алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын, оның ішінде:

мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін;

республиканың немесе өңірдің стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді кезеңге арналып белгіленген басымдықтарын ескере отырып, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын;

бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттарын;

бюджетаралық қатынастарды дамыту бағыттарын;

мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласындағы саясатты;

ықтимал фискалдық тәуекелдерді айқындайтын құжатты білдіреді.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі - орталық уәкілетті орган) әзірлейді.

4. Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы (бұдан әрі - жергілікті уәкілетті орган) әзірлейді.

5. Орта мерзімді фискалдық саясат Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауын ескере отырып:

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасы;

Қазақстан Республикасының және өңірлердің стратегиялық және орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарлары;

мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар;

өткен қаржы жылында бекітілген орта мерзімді фискалдық саясат;

өткен қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуын талдау, оның негізгі бағыттарын жыл сайын түзете отырып, бағдарламаларды бағалау, бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды бағалау негізінде әзірленеді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

6. Орта мерзімді фискалдық саясат жыл сайын үш жылдық кезеңге жоспарланатын кезеңді бір жылға ұзартуды көздейтін жылжымалы негізде әзірленеді.

6-1. Орта мерзімді фискалдық саясатқа, егер бюджетті әзірлеу немесе нақтылау кезінде оның негізгі бағыттары түзетілген жағдайда өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

7. Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу үшін қажетті ақпараттық-статистикалық материалдарды мемлекеттік органдар, ұйымдар мен кәсіпорындар заңнамада белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

## 2. Орта мерзімді фискалдық саясаттың құрылымы

8. Орта мерзімді фискалдық саясат мынадай негізгі бөлімдерді қамтиды:

- 1) әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- 2) фискалдық саясаттың мақсаттары мен міндеттері;
- 3) кіріс саясаты;
- 4) шығыстар саясаты;
- 5) бюджеттік кредит беру;
- 6) алынып тасталды
- 7) бюджетаралық қатынастар;

8) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

9. "Әлеуметтік-экономикалық жағдайы" бөлімінде Қазақстан Республикасының немесе өңірдің өткен кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуын қысқаша талдау, Қазақстан Республикасының немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспарланатын кезеңге арналған негізгі көрсеткіштерінің басты бағыттары және болжамы қамтылуы тиіс.

10. Орта мерзімді фискалдық саясаттың мақсаттары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және орта мерзімді жоспарларына негізделе отырып, қалыптастырылады.

Міндеттер алға қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді әдістермен қол жеткізу жолдарын айқындайды.

11. Кіріс саясатында орта мерзімді кезеңдегі бюджет кірістерін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру саясатының мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық саясатының мақсаттарын іске асыруға мүмкіндік беретін салық жүктемесінің ықтимал әділ деңгейіне қол жеткізуге бағытталған кірістердің түсімін тұрақтандыратын шаралар қамтылуы тиіс.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

12. Шығыстар саясаты бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстары бөлігінде бюджет саясатының мақсаттары мен міндеттерін, мемлекет функцияларының орындалуын және республикадағы немесе экономиканың салалары (секторлары) бойынша мемлекеттік саясаттың іске асырылуын көрсететін үш жылдық кезеңге арналған шығыстардың басым

бағыттарын, мемлекеттің қаржы активтерін сатып алу және сату бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы орган саясатының бағыттарын қамтуы тиіс.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

13. Бюджеттік кредит беру үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік кредит берудің мақсаттары мен міндеттерін, оның ішінде бюджеттік кредиттерді ұсынуды және қайтаруды белгілеу тиіс.

**14. алынып тасталды**

**Ескерту. 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

15. Бюджетаралық қатынастар жоғарғы және төменгі бюджеттер арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеу және дамыту бағыттарының үш жылдық кезеңге арналған нысандарын белгілейді. Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандарын айқындау кезінде бюджеттің әр деңгейінің салық әлеуеті, өңірлердің объективті бюджеттік қажеттіктерін бағалау нәтижелері, бекітілген заттай нормалар ескеріледі.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатында мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару саясатының үш жылдық кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың үш жылдық кезеңге арналған көрсеткіштерінің болжамы қамтылуы тиіс.

Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатында ішкі мемлекеттік қарыз алу мен борышты басқару саясатының мақсаттары мен міндеттері, үш жылдық кезеңге арналған жергілікті атқарушы органның ішкі мемлекеттік борыштың көрсеткіштері болжамы қамтылуы тиіс.

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатында үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштері қамтылуы тиіс.

Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатында үш жылдық кезеңге арналған тиісті жергілікті бюджеттің болжамды көрсеткіштері қамтылуы тиіс.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

18. Орта мерзімді фискалдық саясатта мемлекет функцияларының орындалуын және мемлекеттік саясаттың іске асырылуын, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалар көлемінің болжамын көрсететін функционалдық белгілер бойынша бюджет шығыстарының болжамды көрсеткіштері қамтылуы тиіс.

19. Орта мерзімді фискалдық саясат бөлімдерінде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін құралдар мен шаралар тізбесі, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін сипаттайтын экономикалық және бюджеттік көрсеткіштер, орта мерзімді кезеңде фискалдық саясат жүргізу нәтижесіндегі ықтимал фискалдық тәуекелдердің талдауы қамтылуы тиіс.

### **3. Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу және бекіту**

20. Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеудің және бекітудің мынадай:

- 1) ұйымдық;
- 2) орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу;
- 3) орта мерзімді фискалдық саясатты келісу және бекіту кезеңдері көзделіп отыр.

21. Орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеудің ұйымдық кезеңі өзіне ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін орталық уәкілетті орган және жергілікті уәкілетті орган басшысының құжаттарды (орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеудің үйлестіру жоспарын, оның тұжырымдамалық ұстанымдарын, орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бөлімдерінің құрылымдарын; мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттердің көлемін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты болжамдау үшін қажетті көрсеткіштердің тізбесін) бекітуін қамтиды.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

22. Орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу кезеңі:

1) мемлекеттік органдардың орталық уәкілетті органға және жергілікті уәкілетті органға орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бөлімдері бойынша ақпарат ұсынуын;

2) мемлекеттік уәкілетті органның және жергілікті уәкілетті органның мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде орта мерзімді фискалдық саясаттың жобасын дайындауын;

3) орта мерзімді фискалдық саясат жобасын тиісті бюджет комиссиясының қарауына ұсынуын көздейді.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

23. Орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу кезеңінде бюджет комиссиясы:

алдағы үш жылдық кезеңге арналған салық-бюджет саясатын айқындау;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджет қаражаты жұмсалыуының басым бағыттары;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік, республикалық немесе жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштерін айқындау;

бюджетаралық қатынастарды дамыту бағыттары;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік кредит беру, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, қаржылық активтерді басқару салаларында саясатты айқындау бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

24. Орта мерзімді фискалдық саясатты келісу кезеңі өзіне:

1) орталық уәкілетті органның ағымдағы жылдың 5 тамызына дейін және жергілікті уәкілетті органның ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін орта мерзімді фискалдық саясат жобасын мақұлдау үшін тиісті бюджет комиссиясына жіберуін;

2) орталық уәкілетті органның ағымдағы жылдың 10 тамызына дейін және жергілікті уәкілетті органның ағымдағы жылдың 5 қыркүйегіне дейін орта мерзімді фискалдық саясат жобасын келісуге мүдделі мемлекеттік органдарға жіберуін қамтиды.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен.**

25. Орта мерзімді фискалдық саясатты бекіту кезеңі өзіне:

1) орталық уәкілетті органның және жергілікті уәкілетті органның белгіленген тәртіппен тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігіне орта мерзімді фискалдық саясат жобасын қарауға ұсынуын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатын ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітуін;

3) жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатын ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін тиісті әкімдіктің шешімімен бекітуін қамтиды.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.25. N 909 қаулысымен**

26. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Бюджетті жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жергілікті атқарушы органның бекітілген орта мерзімді фискалдық саясатын орталық уәкілетті органға жібереді.

